

Тарих және география кафедрасы

Бекітемін
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ ректоры
Құрманбаева Ш.А.
“ _____ ” _____ 2021.

**Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған География
пәнінен аймақтық олимпиаданың
бағдарламасы**

Семей 2021

1. Жалпы ереже

Аймақтық олимпиада «**Alikhan Bokeikhan University**» ББМ қолдауымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «**Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздікке 30-жыл**» аясында ABU ректорының арнайы грантын тағайындауға арналған Тарих және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасының ұйыдастыруымен өткізіледі.

1.1 Олимпиадаға аудандық барлық орта білім беретін мектеп мекемелерінің 11 сынып оқушылары қатыса алады.

1.2 Олимпиаданың негізгі міндеттері:

1. Жалпы, қоршаған орта, өлкенің географиялық жағдайымен тарихын зерттеумен айланысатын дарынды оқушыларды іріктеп, оларға қолдау көрсету;
2. Жоғарғы сынып оқушыларын белсенді ғылыми-зерттеу шығармашылық жұмысқа тарту және оқушылардың тарихи білімін тереңдету;
3. Оқушылардың отансүйгіштік, патриоттық сезімдерін, азаматтық белсенділігін қалыптастыру, тарихқа қызығушылықтарын арттыру;
4. Тарих пәнінен бірінғай ұлттық тестілеуге оқушылардың даярлық деңгейін анықтау.

1.3 Олимпиаданы ұйымдастырушы Тарих және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасы болып табылады.

2. Олимпиада қатысушылары

2.1. Олимпиада қатысушылары аудандық жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары болып табылады.

2.2. Олимпиадаға қатысу үшін жіберуші тарап (жалпы орта білім беретін мектеп КММ) 11 сынып оқушылары құрайды.

2.3. Олимпиаданың жұмыс тілдері: қазақ, орыс

3. Олимпиаданың өтетін уақыты

3.1. Олимпиада 2021 жылғы 6-11 желтоқсан күндері аралығында өткізіледі.

4. Олимпиаданы өткізу тәртібі

4.1. Олимпиаданы ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету үшін арнайы ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитеті Қатысушылар тарапынан түсетін материалдарды қабылдауды қамтамасыз етеді, олимпиаданың тапсырмаларын әзірлейді, олимпиада алқасын ұйымдастырады, қатысушыларға олимпиада тапсырмаларының тақырыбы жайында хабарлайды, оны өткізу қорытындылары туралы хабарлама дайындайды және т.б.

4.2. Өтінімдерді қарастыру нәтижелері бойынша Олимпиадаға қатысушылар Олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті атынан Олимпиаданың шақырту қағазын және бағдарламасын алады.

4.3 Қатысуға өтінім Тарих және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасына **01 желтоқсанға дейін** формаға сәйкес өтінім жолдануы тиіс (№1 қосымша abu.edu.kz сайтында тіркелу керек). **Қосымша 1**

Университет ректоры олимпиада қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған оқушыларға төмендегідей жеңілдіктер ұсынады:

Пән	1 орын	2 орын	3 орын
Тарих	ABU ректорының гранты – 100 % жеңілдік	50% оқу ақысына жеңілдік	25 % оқу ақысына жеңілдік

4.4. Олимпиада 3 кезеңнен тұрады.

- **I кезең** – «Қазақстан тарихы, Дүние жүзі тарихы пәндерінен тест (06.12.2021)

- **II кезең** – Тарихи ұғымдармен түсініктер бойынша бақылау жұмысы.(Глоссарий) (№2 қосымша) (04.02.2022)

- **III қорытынды кезең** – Олимпиаданың үшінші кезеңі: қатысушылар төменде берілген тақырыптар бойынша Эссе жазады. (04.02.2022).

4.5. Ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың барлық шарттарын бағалау үшін 3 мүшеден тұратын қазылар алқасын құрайды. Қазылар алқасын ұйымдастыру комитеті сайлаған Олимпиада алқасының төрағасы басқарады.

4.6. Олимпиаданың бірінші кезеңінде қатысушы-:

1. Қазақстан экономикалық және физикалық география бағыттары бойынша пәндерден тест тапсыруы қажет.

Ескерту:

1) Қатысушы тесттен тек 1 рет қана өте алады, қайта тестті өту ұйымдастырушылар тарапынан қабылданбайды;

2. Қатысушы тестті бір рет қана орындай алады.

3. Тестілеу уақыты әр қатысушы үшін жеке, тестті бастаған уақытынан басталады.

4.7 Олимпиаданың екінші кезеңі: **қатысушылар төменде берілген тақырыптар бойынша Эссе жазу.** (Эссе – бұл оқытушы ұсынған тақырып бойынша өзіндік жазбаша жұмыс).

Эссені жазу техникасы

Эссе - ұсынылған тақырыптардың біріне жазылған өздік жазбаша жұмыс.

Эссе мақсаты: жеке шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту және өзіндік ойларын жазбаша мазмұндау.

Эссе мазмұны:

– қойылған мәселенің мәнісін нақты мазмұндау;

- берілген тақырып аясында қаралатын аталған мәселені концепция және талдау құралдарын пайдалану арқылы өзіндік талдау жүргізуді қосу;
- берілген мәселеге автор көзқарасының қорытындыларын түйіндеу.

Эссе тақырыбы:

Тақырып тек анықталған түсінікті мазмұндаудан тұрмау керек, оның мақсаты- ойлануға жетелейтін, яғни эссе тақырыбының мазмұны өзін толғандыратын сұрақ, мәселе сипатында болуы керек.

Эссені құру:

Эссе құру- бұл сұраққа жауап беру немесе классикалық дәлелдеу жүйесіне негізделген тақырыпты ашу. Эссенің көлемі 500-600 сөзді құрайды. Одан аз немесе көп сөз жазу төмен нәтижеге алып келуі мүмкін, сондықтан берілген стандарт пен форматқа сәйкес жазуға тырысу керек.

Эссе құрылымы:

1. Титул беті
2. Кіріспе- берілген тақырыпты таңдаудың мәнісі және негіздеуі. Логикалық және стилистикалық байланысқан бірнеше компоненттерден тұрады.
3. Негізгі бөлім- берілген мәселенің теориялық негізі және негізгі тақырыпты мазмұндау.
Бұл бөлім талдау мен дәйектеуді дамытуды көздейді. Сондай-ақ бар мәліметтерді негіздеу. Дәйектемелердің құрылымдауы негізінде, тараулардың аты маңызды мәнге ие; Нақ осы жерде дәйектемелерді негіздеу қажет (мәліметтер мен тұжырымдарды қолдана отырып логикалық түрде).
4. Қорытынды – тақырып бойынша қолдану аясы көрсетілген түйіндемелер мен дәйектелген қорытындылар. және т.б. Негізгі бөлімде мазмұндалған мағынасы мен мәнін тағы бір рет түсініктейді немесе эссені қорытындылайды. Қорытындыда, басқа мәселелер мен өзара байланысты жоққа шығармай-ақ зерттеулерді қолдануды көрсететін, эссені толықтыратын өте маңызды элемент болуы мүмкін.

Эссе тақырыптары:

1. Көшпелі қазақ өркениетінің әлемдік мәдениетін қосқан үлесі.
2. Түрік мемлекеттілігінің дамуындағы негізгі кезеңдер мен тарихи бастаулары.
3. Абылай ханның ішкі саясаты: хан билігін нығату және әлеуметтік тіректі күшейту шаралары.
4. Ресей империясының қазақ жеріндегі отарлау саясаты
5. Тоталитарлық тәртіп кезіндегі қазақ зиялыларының тағдыры.
6. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы қуғын-сүргін саясатының Қазақстанда іске асырылуы және оның зардаптары.

7. Алаш қайраткерлерінің болашақ тәуелсіз мемлекет құрылымы туралы көзқарасы
8. Егеменді Қазақстанның қалыптасуындағы 1986 ж. желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы.
9. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қайта қалпына келуі мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы
10. "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы. Оның мақсаты және жүзеге асырудың негізгі бағыттары: рухани және білім беру жүйесін дамыту

5. Олимпиаданы қорытындылау

5.1. Олимпиаданың түпкілікті нәтижелері қазылар алқасының қорытынды отырысында шығарылады.

5.2. Олимпиаданың нәтижелерін жариялау және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 2022 жылғы 19 наурыз айында қазылар алқасы жұмысын аяқтаған соң жүзеге асырылады.

5.3. Олимпиадаға қатысқан барлық оқушылар «Қатысушы дипломымен» марапатталады.

5.4. Олимпиада жеңімпаздарына арнайы жүлде қоры бекітілген I, II, III дәрежелі дипломдар беріледі.

6. Қосымша ақпарат

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мына телефондарға хабарласуға болады:

Байланыс ақпараты: Қазақстан, 071400, Семей қ., Шмидта көшесі 44,
Координатор: Жанғалиев Улан Курметкалиевич

1-қосымша

Олимпиадаға қатысуға өтінім

№	Қатысушының толық аты-жөні жеке куәлігі бойынша	Аудан, қала, ауыл және мектептің атауы	Таңдау пәндері	Пәндік мұғалімінің толық аты-жөні жеке куәлігі бойынша

Тарих және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар
 кафедрасының меңгерушісі

т.ғ.к Болатова Қ.Б.

